

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы
«Ақтөбе облысының
Хромтау аудандық білім,
дене шынықтыру және спорт
бөлімі» ММ
«№6 Хромтау гимназиясы»
КММ



Республика Казахстан
Актюбинская область
КГУ «Хромтауская
гимназия №6»
ГУ «Хромтауский районный
отдел образования, физической
культуры и спорта»

031100, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Әуезов көшесі 126.,
Факс: 8 (71336) 59-5-02., Тел: 8 (71336) 27-7-40
E-mail: hrom_gimnaziya6@mail.ru

БҰЙРЫҚ № 45/2- н/к

2020 жыл 03 тамыз
Хромтау қаласы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамын бекіту туралы


Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ « Педагог мәртебесі туралы» 16 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары», «№6 Хромтау гимназиясы» КММ педагогикалық кеңесінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №1 хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«№6 Хромтау гимназиясы »КММ педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу мақсатында төмендегі педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы бекітілсін.

- 1) Бажаканова Гулшара Жаркетовна- кеңес төрағасы, зейнеткер
- 2) Казиханова Бибігул- Хромтау аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің әдіскері
- 3) Қ.Реймов- «Хромтау» аудандық газет редакторы, қоғамдық бірлестіктің өкілі;
- 4) Саймова Сайран Ешмухамбетовна- зейнеткер
- 5) Ерманова Гулшара Каримовна- зейнеткер
- 6) Абдуллина Самига Зинельгабитовна – кәсіподақ ұйымы төрайымы, музыка пәні мұғалімі
- 7) Даутова Гульмира Жубановна - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Гимназия директоры:

Мукашева Г.О.

Бекітілді
№6 Хромтау гимназия директоры:
Г.О Мукашева 
Бұйрық № 45/1 -н/к. 03.08.2020ж

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер.

1.1. Осы ереже «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының және «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді.

1.2. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік қағидаттарын басшылыққа алады.

1.3. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

1.4. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында құрылатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

1.5. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүгіне алады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіктері

Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;
- 2) білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;
- 3) педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;
- 4) педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Кеңес өз құзыреті шегінде:

- 1) өз отырыстарында педагогтер мен қаралатын мәселелерге қатысы бар тұлғаларды тыңдайды;
- 2) білім беру ұйымының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұратады;
- 3) педагогтер мен қаралып отырған мәселелерге қатысы бар адамдардан түсіндірмелер және (немесе) түсініктемелер талап етеді;
- 4) педагогикалық әдепті бұзу фактілеріне тексеріс жүргізу туралы білім беру ұйымының басшысына ұсыныстар енгізеді;
- 5) білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдептің бұзылуының алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 6) білім беру ұйымы басшысының қарауына педагогикалық әдепті бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ұсыныстар енгізеді;
- 7) Кеңестің ұсынымдарын тиісті түрде қарастырмаған білім беру ұйымының лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе тиісті лауазымды тұлғаларға жүгінеді;
- 8) тараптарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізеді.

3. Кеңес қызметін ұйымдастыру тәртібі

3.1. Кеңес үш жылға сайланады.

3.2. Кеңес төрағадан, хатшыдан және Кеңестің басқа да 7 адамнан кем болмайтын мүшелерден тұрады. Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы керек. Кеңес хатшысы комиссия құрамына кірмейді.

3.3. Кеңес мүшелері бола алады:

- 1) білім басқармаларының (бөлімдерінің) өкілдері, білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын кәсіподақтардың және (немесе) үкіметтік емес ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері;
- 2) кемінде екі педагог;
- 3) құрметті демалысқа шыққан педагогтер.

3.4. Мектеп директоры, директордың әкімшілік орынбасарлары, қосалқы персоналының қызметкерлері, білім алушылар мен тәрбиеленушілерінің ата-аналары Кеңес құрамына оның мүшелері ретінде енгізілмейді.

3.5. Кеңес құрамына кіре алмайды:

- 1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;
- 2) сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырған;
- 3) мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылығы үшін жұмыстан босатылған;
- 4) бұрын сотталған немесе қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;
- 5) азаматтың қатарынан үш және одан да көп сағат ішінде дәлелді себепсіз жұмыста (қызметте) болмауы негізінде жұмыстан шығарылған жағдайларды қоспағанда, құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдар мен соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша босатылған адамдар.

3.6. Кеңес білім мектептің педагогикалық кеңесінде сайланады.

3.7. Кеңес құрамы мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

3.8. Кеңестің төрағасы мен хатшысы бірінші отырыста Кеңес құрамынан көпшілік дауыспен сайланады.

3.9. Кеңес төрағасы Кеңес отырыстарын шақырады және күн тәртібін белгілейді.

Кеңестің мүшелері:

- 1) отырыстардың күн тәртібі бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 2) Кеңес отырыстарына материалдар мен оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысады;
- 3) Кеңес қарайтын мәселелерді талқылауға қатысады.

3.10. Кеңестің кезектен тыс отырысы төрағаның шешімі бойынша және (немесе) білім беру ұйымы басшысының ұсынысы бойынша және (немесе) Кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен астамының бастамасы бойынша өткізілуі мүмкін.

3.11. Кеңес хатшысы Кеңестің дауыс беруіне және кеңес отырысына шығарылатын мәселелерді талқылауға қатыспайды.

Кеңес хатшысы Кеңестің іс қағаздарын жүргізуді қамтамасыз ететін тұлға болып табылады: мүшелер мен шақырылған адамдарды кеңес отырысының өткізілетін күні мен орны туралы хабардар ету, Кеңестің жұмыс жоспарының жобасын жасау, хаттама жүргізу және оны сақтау, өтініштер мен ұсыныстарды қабылдау, сондай-ақ Кеңестің атына келіп түсетін хаттарды тіркеу.

Кеңес хатшысы Кеңес шешімдерінің орындалу мониторингін қамтамасыз етеді және олардың нәтижелері туралы кеңес мүшелеріне жеткізеді.

3.12. Кеңестің шешімі бойынша Кеңес мүшесі оның құрамынан:

- 1) уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайында болған, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін жұмыстан босатылған, демалыста, іссапарда болған уақытты қоспағанда, Кеңес отырыстарына жыл ішінде үш реттен артық қатыспаған;
- 2) Кеңес мүшесі Кеңес құрамынан шығу туралы өтініш берген;
- 3) педагогке қатысты талқылау мәліметтері оның жазбаша келісімінсіз жария етілген;
- 4) осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген;
- 5) осы қағидалардың 19-тармағының талаптары бұзылған жағдайларда шығарылуы мүмкін.

3.13.. Кеңес отырысы:

1) егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады;

2) жұмыс жоспарына сәйкес, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес, сондай-ақ өтініштер мен шағымдардың түсуіне қарай өткізіледі;

3) Кеңестің күн тәртібі мен күні туралы қызметкерлерді, сондай-ақ мүдделі тұлғаларды Кеңес хатшысы оны өткізгенге дейін күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей хабардар етеді.

Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

3.14. Кеңес мүшесі, егер ол не онымен бірге тұратын жақын туыстары өзіне қатысты іс қаралатын адаммен туыстық қатынастармен байланысты болса, не аталған адамға қызметтік немесе өзге де тәуелді болса, іс бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыса алмайды. Кеңес мүшесі тиісті іс бойынша талқыланғанға және Кеңес дауыс бергенге дейін осы мән-жайлар туралы Кеңес мүшелеріне хабарлайды.

3.15. Кеңес отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелері санының қарапайым көпшілік дауысымен шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Кеңес мүшелері дауыс беру кезінде қалыс қала алмайды.

3.16. Кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның тапсырмасы бойынша Кеңес мүшелерінің бірі төрағаның міндеттерін атқарады.

3.17. Кеңес отырысы хаттама түрінде ресімделеді, оған Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды. Кеңес отырысының хаттамасы - Кеңес отырысының барысын және онда қабылданған ұсынымдарды көрсететін ресми жазбаша құжат. Хаттама білім беру ұйымында сақталуы тиіс және білім беру ұйымының істер номенклатурасына енгізілуі тиіс.

3.18. Педагогикалық әдепті сақтау туралы мәселе қаралған кезде педагогтің:

1) қаралып отырған мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға;

2) қаралып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға;

3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;

4) шешімді жазбаша түрде алуға;

5) қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

3.19. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу талап етілмейтін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Кеңесте қаралады.

Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу талап етілетін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Кеңесте қаралады және ол бойынша шешім қабылданады.

Оны қараудың қорытындылары туралы өтініш берушіге отырыстың өзінде не оны Кеңестің хатшысы қарау қорытындылары бойынша дереу хабарлауы тиіс.

3.20. Педагогке қатысты істі қарау:

1) еңбекке уақытша жарамсыздық;

2) демалыста немесе іссапарда болған;

3) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау уақытында өзінің лауазымдық міндеттерін атқарудан босатылған;

4) даярлауда, қайта даярлауда, біліктілікті арттыру курстарында және тағылымдамада болған кезеңде тоқтатылады.

3.21. Хатшы жауапкершілікке тартылатын адамдарға Кеңес отырысының өткізілетін орны мен уақыты туралы күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей хабарлау жөнінде шаралар қабылдайды.

Кеңес отырысында істі қарау, егер жауапкершілікке тартылатын адамдарға Кеңес отырысының уақыты мен орны туралы отырыс өткізілгенге дейін кемінде үш күн бұрын тиісті түрде хабарланған болса, олардың қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін.

3.22. Отырыста педагогтің жауапкершілігі мәселесін қарау кезінде Кеңес мына мәселелерді шешеді:


1) педагогтің жауапкершілігін қарау үшін негіз болып табылатын нақты іс-әрекет (әрекетсіздік) орын алды ма;

2) бұл іс-әрекет (әрекетсіздік) әдепті бұзу болып табылады ма;

3) бұл әдепті бұзу педагог тарапынан жасалды ма;

- 4) педагогтің осы бұзушылықты жасауда кінәсі бар ма.
- 3.23. Істі қарау қорытындылары бойынша Кеңес білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті жаза қолдануды және (немесе) қолданбауды ұсынады.
- 3.24.. Кеңестің шешімі ұсынымдық сипатта болады.
- 3.25. Білім беру ұйымының басшысы Кеңестің ұсынымын қарау кезінде еңбек және өзге де заңнама талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.
- 3.26. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылдаған шешімдер оның жазбаша келісімімен ғана жариялануы мүмкін. Кеңес хатшысы өтініш берушіге оның өтінішін заңнамада белгіленген мерзімде қарау нәтижелерін жазбаша хабарлайды. Бұл ретте, өтініш берушіні «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 4-тармағының және осы Қағидалардың 31-тармағының талаптарын сақтау қажеттігі туралы хабардар етеді.

ҚАБЫЛДАНДЫ
« № 6 Хромтау гимназиясы» КММ
педагогикалық кеңес отырысы
28. 08. 2020ж. хаттама № 1

БЕКІТЕМІН
« № 6 Хромтау гимназиясы» КММ
директоры  **Г.О.Мукашева**
Бұйрық № 45/2-п/к. 03.08.2020ж

№ 6 Хромтау гимназиясы» КММ
педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы.

№	Кеңес мүшелерінің АЖӘ	Лауазымы
1	Бажаканова Гулшара Жаркетовна	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасы, Зейнеткер.
2	Казиханова Бибігул	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімінің әдіскері
3	Реймов Қуандық	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, «Хромтау» аудандық газетінің редакторы, қоғамдық бірлестіктің өкілі
4	Саймова Сайран Ешмухамбетовна	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, Зейнеткер.
5	Ерманова Гулшара Каримовна	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, Зейнеткер.
6	Абдуллина Самига Зинельгабитовна	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, кәсіподақ ұйымының өкілі, музыка пәні мұғалімі
7	Даутова Гульмира Жубановна	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, казак тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
8	Алиева Айнуր Асылхановна	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес хатшысы, іс жүргізуші

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізілу күні: 28.08.2020 ж

Уақыты: 16.00.

Өткізілу түрі: ZOOM платформасы (он-лайн)

Қатысқандар саны – 57 мұғалім (тізім бойынша)

7 кеңес мүшелері

Кеңес төрағасы: Г.Ж.Бажаканова

Хатшы: А.А.Алиева.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары» мен таныстыру
Г. Ж.Бажаканова- кеңес төрағасы.
2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі педагогикалық әдептің негізгі нормаларын сақтау туралы
С.Е.Саймова- кеңес мүшесі, ардагер ұстаз.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Г. Ж.Бажаканова- кеңес төрағасы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары»-мен таныстырды. Аталған Қағида негізінде жасалған №6 Хромтау гимназиясының «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес Ережесі» 2020 жылдың 03 тамыздағы № 45/1 -н/к бұйрықпен бекітілді. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылатындығы туралы айта келе қағидамен толық таныстырып өтті.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында құрылатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Білім беру ұйымдарының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүгіне алады. Кеңес өз қызметін "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидастарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіктеріне тоқталып, түсіндіріп өтті.

Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;
- 2) білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;
- 3) педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;
- 4) педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Кеңес өз құзыреті шегінде:

- 1) өз отырыстарында педагогтер мен қаралатын мәселелерге қатысы бар тұлғаларды тыңдайды;

- 2) білім беру ұйымының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұратады;
- 3) педагогтер мен қаралып отырған мәселелерге қатысы бар адамдардан түсіндірмелер және (немесе) түсініктемелер талап етеді;
- 4) педагогикалық әдепті бұзу фактілеріне тексеріс жүргізу туралы білім беру ұйымының басшысына ұсыныстар енгізеді;
- 5) білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдептің бұзылуының алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 6) білім беру ұйымы басшысының қарауына педагогикалық әдепті бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ұсыныстар енгізеді;
- 7) Кеңестің ұсынымдарын тиісті түрде қарастырмаған білім беру ұйымының лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе тиісті лауазымды тұлғаларға жүгінеді;
- 8) тараптарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізеді.

Педагогикалық әдепті сақтау туралы мәселе қаралған кезде педагогтің:

- 1) қаралып отырған мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға;
- 2) қаралып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға;
- 3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;
- 4) шешімді жазбаша түрде алуға;
- 5) қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

Жалпы кеңестің шешімі ұсынымдық сипатта болады. Білім беру ұйымының басшысы Кеңестің ұсынымын қарау кезінде еңбек және өзге де заңнама талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

2. С.Е.Саймова- кеңес мүшесі, ардагер ұстаз.

Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі педагогикалық әдептің негізгі нормаларын сақтау туралы кеңес түрінде айтты. Мұғалім өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр оқушыға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, оқушылар мұғалімнің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жандүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Мұғалімнің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға сыныпқа басқа адам кіріп келгенде мұғалімге орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Мектеп ішінде әркашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады.

Кеңес шешімі:

- 1.№6 Хромтау гимназиясы жанынан құрылған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысында ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары» басшылыққа алынсын.
- 2.Педагогтар арасында педагогикалық әдептің негізгі нормаларын сақтау туралы дөңгелек үстелдерде пікірлесулер ұйымдастырылып,өткізілсін.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



Г.Ж.Бажаканова

А.А.Алиева

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

Өткізілу күні: 20.11.2020 ж

Уақыты: 14.00.

Өткізілу түрі: ZOOM платформасы (он-лайн)

Қатысқандар саны – 21 мұғалім (тізім бойынша)
7 кеңес мүшелері

Кеңес төрағасы: Г.Ж.Бажақанова

Хатшы: А.А.Алиева.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогтардың әлеуметтік желіде жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау, қоғамдық орындардағы сөйлеу мәдениеті әдеп нормаларын сақтауы туралы.

Г.К.Ерманова- кеңес мүшесі, ардагер ұстаз

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Г. Ж.Бажақанова- кеңес төрағасы.

Гулшара Жаркетқызы ұстаз этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас қана емес жалпы мұғалімдердің сөйлеу мәдениетіне тоқталып, мұғалім тек мұғалім емес, ол жас ұрпаққа үлгі болу тұлғасы екенін айтты. Ұстаз – мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн.. Қазір көбіне мұғалімдерге несие уақытымен төлемеу бойынша сот ісінен жиі хаттар жіберіліп жатады . Бұндай әрекет мұғалім мен оның беделіне қауіп төнуі мүмкін Сондықтан ұстаздарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын. чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті.

2. Г.К.Ерманова- кеңес мүшесі, ардагер ұстаз

Мұғалім өз ісіне адал қарауға міндетті. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де , өз пікірңді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1.Б.К.Казиханова- Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі әдіскері.

Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына , берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Мұғалімге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты

маңызды екендігін аша түседі. Сөйлеу мәдениетін игеру бұл педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі екенін естен шығармауымыз керек. Егер мұғалім өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, сөйлеу мәдениеті әдеп нормаларын сақтап отырса, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, сонда ғана олар ұстаздық атқа лайық болады деп ойлаймын.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтардың әлеуметтік желіде жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
2. Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті туралы іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілсін.

Кеңес төрағасы:
Хатшы:



Г.Ж.Бажаканова
А.А.Алиева

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№3 хаттамасы**

Өткізілу күні: 29.03.2020 ж

Уақыты: 15.00.

Өткізілу түрі: ZOOM платформасы (он-лайн)

Қатысқандар саны – 61 мұғалім (тізім бойынша)

- 7 кеңес мүшелері

Кеңес төрағасы: Г.Ж.Бажаканова

Хатшы: А.А.Алиева.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогтардың құқықтары және мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау туралы. Г.Ж.Бажаканова - кеңес төрағасы

ТЫНДАЛДЫ:

1. Г. Ж.Бажаканова- кеңес төрағасы.

Педагогтардың құқықтары туралы кейбір мәселелеріне қатысты сұрақтармен таныстырды. Ежелден мұғалімнің рөлі барлық әлем халықтарында ұлық болған, мұғалімнің міндеттері басқарушылар мен ата-аналардың міндеттерімен қатар құрметтелген. Мұғалімдер кез келген қоғамда жоғары сұранысқа ие, себебі әлеуметтік ортаны қалыптастыру солардың қолында, олар өмірге жүзжылдықтан жүзжылдыққа болашақ ұрпақты даярлайды.

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 7,8,9 баптарындағы педагогтардың кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтарына тоқталып, талдап көрсетті. Оның ішінде білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы, материалдық қамтамасыз етілу құқығы мен педагогтің көтермеленуге құқығын атап өтті. Сонымен бірге педагогикалық әдепті сақтау туралы мәселе қаралған кезде педагогтің:

- 1) қаралып отырған мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға;
- 2) қаралып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға;
- 3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;
- 4) шешімді жазбаша түрде алуға;
- 5) қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

Педагогикалық этиканы бұзғаны үшін педагогтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылатындығы да айтылды.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

2.С.З.Абдуллина-кеңес мүшесі, кәсіподақ ұйымының төрайымы, музыка пәні мұғалімі.

Адал еңбегі және өзінің кәсіптік міндеттерін үлгілі орындағаны үшін педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ ұйымның ішкі тәртіп қағидаларында көзделген көтермелеулер қолданылатындығы туралы айтты. Педагогтардың мектеп әкімшілігімен, ата-аналармен қарым-қатынасында әдеп сақтауы туралы мысалдар келтірді. Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жандүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға сыныпқа басқа адам кіріп келгенде мұғалімге орнынан

тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Мектеп ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады .

Кеңес шешімі:

1. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 7,8,9 баптарындағы педагогтардың кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтарының сақталуы камтамасыз етілсін.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



Г.Ж.Бажаканова

А.А.Алиева